

КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ КӨРКЕМ ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ЗООМОРФТЫҚ СЮЖЕТТЕРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Жәмел Аяужан Мақсотқызы E-mail: aiauzhanzhamel@gmail.com Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы 2-курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ Ғылыми жетекшісі, оқытушы, магистр – Молдашева С.К.

Көшпелі халықтардың көркем өнері, оның ішінде қазақ жерінде жасалған туындылар, кеңестік кезеңге дейінгі уақытта да, осы күнге дейін де ғалымдар арасында үлкен қызығушылық тудырған. Олардың көркемдік мұрасында зооморфтық (жануарлардың образдары) сюжеттер ерекше орын алады. Бұл сюжеттер қолөнер бұйымдарында, қару жарақтарда, киімдерде, тұрмыстық заттарда және тасқа ойылған суреттерде кеңінен кездеседі. Көшпелі мәдениетте зооморфтық сюжеттердің бейнеленуі негізінен тотемдік сенімдермен, жануарларға деген табынушылықпен және олардың қасиеттерін адам өміріне енгізу арқылы түсіндіріледі. Мысалы, арқар, бүркіт, қасқыр сияқты жануарлардың образдары күш, ерлік, жылдамдық және ақыл-ой сияқты қасиеттерді білдіретін символикалық мәнге ие. Көшпенділер тұрмысында зооморфтық мифология кең тарады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Оңтүстік Сібір мен Қазақстан көшпенділердің мәдениетінде зооморфтық сюжеттердің бейнеленуі жоғары дәрежеде дамығандығын және өзге елдерге сәйкес келмейтін өзіндік стилі қалыптасты. Көшпенділер алып келген зооморфтық стиль уақыт өте келе адамзат жасаған қолөнер бұйымдарында зооморфтық сипат алып, көркем мәдениет қалыптастырды. Археолог ғалым Әлкей Марғұлан зооморфтық ою өрнектер туралы өз еңбегінде: «тұрмыс тіршілігі негізінен мал шаруашылығы болғандықтан қазақ ою-өрнегінің негізгілері жануарлар бейнесі, малдың тұяғы, мүйізі, құстардың қанаты, іздері ұғымдарымен тығыз байланысты» деген. Сондықтан арқар, киік, қасқыр, ат, түйе, бүркіт сияқты аң құстар, жануарлар бейнесі ою-өрнектерде көп кездеседі [1, 85 б.]. Аңдық стилінің дамуы адамдардың әртүрлі жануарлардан шыққандығы туралы түсініктермен байланысты. Адам өз тегін табиғатпен байланыстырып, өздерін соның бөлшегі деп есептеді. Әрбір ру тайпалардың шыққан тегі бұғы, қасқыр, арқар, жолбарыс, дала бүркіті т.б. аңдар болып есептеліп, аң бейнелері бар заттарды қасиетті тұмар санаған. Сондықтан да аң стилі далалық мәдениетте кең тарап, зооморфизм көркемөнердің қалыптасуына негіз болды. Зооморфтар немесе жануарлардың, өсімдіктердің және геометриялық фигуралардың стильдендірілген бейнелері көшпелілердің мәдениеті мен болмысының маңызды аспектісі бола отырып, олардың ою-өрнектерінде басты рөл атқарады. Бұл өрнектер тек тұрмыстық заттар мен киімдерді безендіріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтың тарихын, наным сенімі мен құндылықтарын жеткізетін тілдің бір түрі болып табылады. Зооморфтық сюжеттерді бейнелеуде көшпелі халықтар ерекше көркемдік техникалар мен стилдерді қолданған. Қолөнер бұйымдары, соның ішінде металдан жасалған заттар, теріге ою, ағашқа оймыштау және тасқа ойылған суреттер зооморфтық образдарды биік талғаммен бейнеледі. Еуразия тұрғындарының б.з.б. I мыңжылдықта жеткен діни түсініктерінің деңгейінде зооморфтық образдар «стихиялы құбылыстар обрызына айналды», «жануарлар немесе олардың бөлшектерінің образы», «тұмардың рөлін атқарды» және «әлемді жайлаған жамандық пен жақсылықтың ғарыштық күшті белгісі болды». Скиф – сақ өнерінің семантикасындағы «мифологиялық концепцияның» дамуы Д.С.Раевскийдің зерттеулерімен 560 байланысты. Ол скиф діни – мифологиялық жүйесін ежелгі иран мифологиясының бір бөлшегі деген тұжырымды ұсынды. Сонымен қатар, Д.С.Реванский пікірінше скиф – сақ өнеріндегі зооморфтық бейнелер аң образдарының болуын әлем тұтастығының моделін жасаудағы

жекелей антроморфты код ретінде сипатталады [2]. Зооморфизмнің басты компоненті б.з.б. 6-4 ғасырларда қалыптасып, Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азияның және оңтүстік Европаның тайпалары арасында тараған аң стилінің тақырыбы аңдарды, хайуандарды және аңыздағы зооморфтық ғажайыптарды бейнелеу болды. Мазмұны жағынан мифологиялық, түрі жағынан реалистік аң стилі өнері сәндік сипатта қолданылды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарды, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланды. Көшпенділердің қолөнер туындыларында зооморфтық өрнектердің бейнеленуі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы қорғандарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған метал қазан дәлел болады. Қола дәуіріне жататын қазанның құлағы жануар бейнесінде бейнеленіп, оймышталған. Қазылған сармат көмбеден алтын зергерлік бұйымдар мен қару-жарақ, тұрмыстық заттар да алынды. Бұл жәдігерлер біздің дәуірімізге дейінгі екі мың жыл бұрынғы кезеңге сәйкес келеді екен. Аң стилі өнері семантикасын зерттеуде ерте көшпелілердің өнеріндегі арпалыс және жыртқыштардың күресі сюжеттерін тотемдік негізде қарастырылды. Жыртқыш аңның тұяқты жануарларды қинап жатқан сәттегі көріністер көшпенділер өнеріндегі ең ерекше орынға ие. Осындай сюжеттер жануарлар табиғатындағы тепе – теңдікті, яғни жыртқыш аңның тамақ табуы мен тұяқты жануардың өмір сүру үшін күрестен тұратынын сипаттап береді. Көшпелі халықтардан бұндай көріністері қорымдарда, қорғандарда кездеседі. Арқар образы Жетісу, Алтай сақтарының өнерінде көп кездеседі және бейнелеу жүйесі талаптарына сәйкес келеді. Ол жылдық сақиналары реалистік суреттердегідей айқын сызылған графикалы бас детальдарымен, күрделі композициялық құрылымдарда, жазық, ою өрнектік нұсқаларында бейнеленген. Жануарлардың (арқар, тауешкі) көбіне шабу немесе секіру сәті бейнеленеді. Шауып бара жатқан кезде аяқтарын алшақ тастаған секіруге дайындалу кезінде аяқтарын бірге жинаған. Тыныштықтағы жануарлар образы әдетте аз бейнеленген [1, 87 б.]. Алматы облысы Есік қорғанынан табылған сақ «Алтын Адам» бас киімінің ең ұшында арқардың тұтас құйылған мүсіншесі орналасқан. Арқар басы көтеріңкі, аса сақтықпен қозғалып келе жатқан күйде бейнеленген. Шебер ағаштан әуелі жануар денесінің көлемін ойып, содан кейін пішіннің барлық бөліктерін жұқа алтын пластинамен қаптаған. Күн құдайы ретінде арқар оразының проекциялары көптеген халықтардың мәдениетінде кездеседі. Мысыр өнеріндегі муфлондар, грек мифологиясындағы алтын жүнді қой. Бірақ көшпенді халықтың мәдениеті бұл жануарды ерекше қастерлейді және ол басқа мәдениеттен келуі мүмкін емес, себебі бұл көшпенділер шаруашылық жүйесінде өсірілетін үй жануарларының ең маңызды түрлерінің бірі. Көшпенділер өнерінде арқар образымен бірге тауешкі, маралдың образдары кең танымал болды. Жабайы табиғаттың бұл өкілдері аңшылық нысандары ретінде қабылданған. Жетісуды мекендеген ерте көшпенділердің мифологиясында тау ешкінің образы бұл құдіреттілген жануардың мекені, қарлы таулардың шыңдарына адам жанын тасымалдаушының образымен байланысты қарастырылады. Бұғы, тауешкі Евразия халықтарының мифологиясы бойынша еркін кіре алатын құдайлардың мекені деп ойлаған. Тау ешкілердің бейнесінде көбіне олардың жұп-айналы конфигурациялары, сондай-ақ дене бөліктерінен тұратын композициялар кездеседі: бір тұғыр-негізге жиналған бастар. Сақ "алтын адамы" бас киімінің маңдай бөлігінің әшекейінде марал мүйізді қанатты аттың бейнесін ерекше атап кетуге болады. Өртүрлі жануарлар пішінінің мұндай бірігуі, жоғарыда айтылғандай, әлемдік көркемөнер тәжірибесінде жақсы танымал. Олар жануардың бір түрінен екіншісін жасап, материяның бір пішінінен басқасына өте алатын мифологиялық кейіпкерлерге байланысты. Мұндай метаморфоздар ежелгі адамдардың түсінігінде кездеседі. 561 Себебі, қоршаған әлем адам үшін құпиялар мен жұмбақтарға ғана толы болып қойған жоқ, сонымен қатар адамның көзіне көрінбейтін, кез-келген кейіпке ене

алатын шындықтың әлемі де болды. Олардың күші мен құпия энергиясы адам өміріне тікелей әсерін тигізді. Және жоғарғы әлемнің өкілдері кез-келген істі жүзеге асыра алатын аса күшті қабілетке ие болды. Дегенмен, бұл жерде марал мүйізді қанатты ат емес, қанатты ешкінің (өлгендердің жанын тасымалдаушы) бейнесі жайлы мәліметтер бар. Мұнда қандай сюжет суреттелген болсын, сақ бозбаласының бас киімінде тек жоғарғы әлем пантеоны кейіпкерлерінің бейнелері ғана берілген, яғни, бұлардың барлығы аспан әлемінің өкілдері [3, 23 б.]. Бұғы - жолаушыларға жол көрсететін, бақыт пен молшылықтың белгісі есептелген. Сол себепті де ежелгі шеберлер алтыннан жасалатын бұйымдарына бұғының бейнесін әшекейлеген. Бұғыны қастер тұту бүгінгі күнге дейін қазақтар мен қырғыздар ұғымында әлі де сақталып келеді. Олардың қолөнерінде де «бұғымүйіз» және «қошқармүйіз» ою өрнектерінің негізгі мотивтерінің бірі саналып, жиі бейнеленетіні сондықтан [3, 8 б.]. Көшпелілер үшін қашан да ат қастерлі жануар болғаныны бізге мәлім. «Ат ер қанаты» деп босқа қастерлемеген, ерте көшпелілер көсемін жерлегенде мініс көлігімен бірге жерлеген. Жерлегенде де атты салтанатты әбзелдерімен ауыздықталып, жүгенделіп, арулап көмген. Ат маскаларының төбесіндегі жануар мүйізі сәндік жабуларының нышанды элементтерінің бірі болып табылады. Маскадағы таутекенің мүйізі іспеттес ағаш мүсіндерінің мағынасы тереңде. Таутекенің бейнесі жоғарғы көсемнің атының сәндік жабу – әбзелдерінің басқа элементтерімен өзара байланысты. Бұны жерленген адамның таңдаулылығы туралы идеямен де байланыстыруға келеді. Таутеке – биік таулардың шыңын мекендейтін жануар, кеңістіктің ерекше сферасында, тек таңдаулылардың қолы жететін жерде тірлік жасайды, яғни көсемнің атрибуты ретінде пайымдалған. Түрлі аймақтардағы ежелгі көшпелілердің мәдениетіндегі ерекше, ортақ дүниелері, діни ұстанымдары зерттеулерде зооморфтық бейнелердегі ұқсастықтарды көрсетеді. Соның ішінде Алтайдың ежелгі көшпелілерінің (Пазырық мәдениеті) сюжеттік жануар бейнесі. Мысалы, жылқының төбесіне бұғы мен таутекенің мүйізі тағылса, бетіне бетперде жапқан, ал тоқымына жыртқыш аңдардың тұяқты жануарларды жұлмалап жатқаны бейнеленген көріністер берілсе, әбзелдерінде ағаштан жасалған, алтын жалатылған салпыншақтары болды. Киімдері мен жылқы әбзелдерінің қандай түсті болғаны да сақталынған. Пазырық жерлеуін зерттеуде ежелгі Алтай көшпелілерінің бас киімінің түрін қалыпқа келтірді. Олардың бас киімдері әдетте жануарлардың мүсіндерімен «әшекейленетін», соның ішінде бас киімнің жоғарғы бөлігінде бұғының, құстың, таутеке-жылқының бейнелері болатын. Алтай көшпелілерінің мәдениетінде бұғы және таутеке мүйізі бар жылқы бейнелерін көп қолдану көбінесе ерлердің сарбаздардың, аңшылардың бас киімдеріне тән екені атап өтілген. Сонымен қатар, құс пен жылқы бейнесінің Көкпен, Күнмен байлан жөнінде ежелгі бейнелеу өнерінің сансыз ескерткіштері сыр шертеді. Ежелгі адамдар ортасында қанатты пырақ бейнесіндегі Күн жайлы, жылқылар немесе құстар жегілген ашвиндар күймесі туралы түсініктер болғаны белгілі. Аспан пырағымен байланысты нанымдарды зерттеушілер ежелгі және орта ғасырлық Орта Азияда кең таралған деп есептейді [4]. Көшпенділердің қолөнер бұйымдарындағы аңдық стильде аңдар мен құстар, қошқар, ат, бұғы, қасқыр, бүркіт және т.с.с. бейнелері тұтастай бейнеленген, ал кейінірек олардың бастары суреттелген. Мысалы, сүйектен жасалған ат әбзелдері бүркіттің басы тәрізді, ағаштан жасалған кейбір әшекей белгілер қасқырдың, қошқардың басы тәрізді бейнеленген. Аңдар тұлғасының осылай дене мүшелеріне алмасып бейнеленуі ою-өрнек түрлерінің дамуына себепші болды. Біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың ортасында аң стилі өнерінде ою-өрнектік сипатқа өту тенденциясы байқалып, заттық пішіндерді бейнелеуде ою-өрнектің зооморфты мотивтерінің қалыптасуына әсерін тигізді. Халқымыздың тұрмыста қолданған ою-өрнектері олардың көне көшпелі кезеңдерден қалыптасқан дүниетанымынан туған, ешкімге де ұқсамайтын көркемөнер туындысы деуге

болады. Көптеген зерттеушілер ежелгі ою өрнектердің астарында халқымыздың табиғаттан алған әсерін дәлме-дәл түсіруге ұмтылған 562 ұмтылысы жатқанын айтады. Зооморфтық ою-өрнектер туралы Ә.Марғұлан «тұрмыс тіршілігі негізінен мал шаруашылығы болғандықтан қазақ ою-өрнегінің негізгілері жануарлар бейнесі, малдың тұяғы, мүйізі, құстардың қанаты, іздері ұғымдарымен тығыз байланысты» деген. Сондықтан болар, арқар, киік, қасқыр, ат, түйе, бүркіт сияқты аң-құстар, жануарлар бейнесі ою-өрнектерде жиі кездеседі [5]. Зооморфтық өрнектердің ішіндегі ең кең тарағаны мүйіздерді бейнелеу еді. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «еркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданылады [6]. Зооморфтық өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық пішіні ерекше орын алады. Оған мысал ретінде қошқармүйіз, төртқұлақ, түйетабан, ботамойын, түлкібас, құсқанат және тағы басқа оюларын атауға болады. Ою тұлғасына бір халықтың басып өткен жолдары мен дүниетанымы сіңірілді. Сақ заманында пайда болғанына қарамастан «қошқар мүйіз» өрнегі байлық пен молшылықтың, жалпы ырыстың, құттың символы. «Төртқұлақ» үлгісі төрт құбыланың теңдігінің символы. Ал «табақ оюлар», «тоғыз төбе» оюлары тіршілік қайнары. «Омыртқа» — қайраттылықтың, ерліктің белгісі, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Көшпелілердің ою-өрнектеріндегі зооморфтар халықтың дүниетанымы мен наным сенімдерін көрсететін терең символдық мәнге ие. Жылқылар, бүркіттер, қасқырлар және басқалар сияқты жануарлардың суреттері күшті, еркіндікті, даналықты немесе тіпті зұлым рухтардан қорғауды бейнелей алады. Мұндай өрнектер көшпелілердің салт-санасының, рәсімдерінің, күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналады. Зооморфтар немесе жануарлардың, өсімдіктердің және геометриялық фигуралардың стильдендірілген бейнелері көшпелілердің мәдениеті мен болмысының маңызды аспектісі бола отырып, олардың ою-өрнектерінде басты рөл атқарды. Бұл өрнектер тек тұрмыстық заттар мен киімдерді безендіріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтың тарихын, наным сенімі мен құндылықтарын жеткізетін тілдің бір түрі болып табылды [7]. Тарихи дерек көздеріне жүгінсек те, бүгінгі материалдарға қарасақ та қазақ ою – өрнектерінің ішіндегі ең көп кездесетін түрі зооморфтық бейнелер, зооморфтық оюлар. Ертедегі көшпенділердің тіршілік қайнары мен шаруашылығы аңшылық пен мал шаруашылығы болғандықтан, олардың дүниетанымы осы кәсіптермен тікелей қатысты болды. Дала көшпелілердің тасқа бедерлеген ру-тайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен, ағаш, өсімдік, құстардың суреттері үлкен шеберлік пен табандылықтың және жоғары деңгейдегі талғампаздығын көрсетеді. Көшпелілер зооморфтық сюжеттерді қолөнер туындыларында бейнелеуде жануардың айрықша ерекшелігіне мән берген. Мысалы, тұяқты жануар бейнесін кеудесі салмақты, құйрығы қысқа, мүйізі жарты ай бейнесінде деген сияқты сыр – сипатына мән беріп бейнелеген [1, 76 б.]. Зооморфты ою-өрнектер де ұрпақтан-ұрпаққа білім мен дәстүрді жалғастыратын мәдени мұраның маңызды элементі болып табылады. Бірегей өрнектер бір руды екінші рудан ажырата алады, сонымен қатар халықтың тарихын, аңыз-әңгімелерін жеткізетін символикалық мәнге ие болды. Сонымен қатар, көшпенділердің ою-өрнектеріндегі зооморфтар табиғатпен үйлесімділік пен оның адам өміріне әсерін көрсетеді. Қазақ даласын мекендеген көшпенділердің аң стилі өнері күш, қуат культі мен табиғаттағы рөлдердің алдын ала анықталғандығы жайлы философияны көрсетеді. Көркем мәдениетте жануарлар мен өсімдіктердің шынайы әлемінің бейнелері, космогониялық түсініктер тоғысты. Әлем мен оның барлық проекцияларының бірлігі композицияның бинарлы, геральдикалық, айналы құрылымдарында көрініс табады. Барлық қоршаған жануарлар әлемі, балық пен қос

мекенділерден бастап, тауешкілер мен мысық тұқымдас жыртқыштарға дейін аң стилі өнерінде көрініс бейнеленді. Олай болса, көшпелілердің ою өрнектеріндегі зооморфтық стилі тек сәндік элементтер ғана емес, көшпелі халықтардың 563 рухани әлемі мен мәдениетін танудың кілті, сонымен қатар олардың табиғатпен, салт дәстүрмен терең байланысының дәлелі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 том. - Алматы, «Өнер», 2007. – 85 б. 2. Сақтардың мәдениеті мен өнері <https://www.zharar.ru/kz/bilim/referat/24942-abstract.html> 3. Асанова С., Птицина А. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық. 2- басылым. – Астана: Фолиант, 2011. - 23 б. 4. Аманжолов Қ. Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 1-ші кітап. – Алматы. 1996. 5. Сақ мәдениетіндегі полиморфтық бейнелер <https://stud.kz/referat/show/96524#&gid=1&pid=39> 6. Ұлы дала көшпенділерінің дүниетанымы қазақ ұлттық ою – өрнектерінде айшықтануы <https://moluch.ru/archive/356/79731/> 7. Зооморфтық ою – өрнектер https://el.kz/zoomorfty-_oyu-rnekter_23386/ https://m.vk.com/wall-88222541_115 8. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. 200 б.